

Павлодар облысының
білім беру басқармасы,
Ақсу қаласы білім беру бөлімінің
«Жамбыл орта мектебі»
коммуналдық мемлекеттік
мекемесі

Коммунальное
государственное учреждение
«Жамбылская средняя школа»
отдела образования города Ақсу,
управления образования
Павлодарской области

БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

2025 жылғы 2 қыркүйек №1-06/140

**Ыстық тамақтың ұйымдастырылуын тексеретін
бракераждық комиссия мүшелерін құру туралы**

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің «Орта білім беру ұйымдарында білім алушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру және мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында, жетім балалар мен ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балаларға білім беру ұйымдарында тәрбиеленуші және білім алушы балаларды тамақтандыруды қамтамасыз етуге байланысты тауарларды сатып алу қағидаларын бекіту туралы» 2018 жылғы 31 қазандағы №598 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 24 мамырдағы №231 бұйрығының 1-қосымшасы 2-тарау 3-параграфының 109 тармақшасы, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы №12 наурыздағы №320 қаулысымен бекітілген «Әлеуметтік көмек көрсетілетін азаматтарға әлеуметтік көмектің мөлшерін, көздерін, түрлерін және оны беру қағидалары» мен Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрінің 2022 жылғы 17 ақпандағы №ҚР ДСМ-16 бұйрығымен бекітілген «Қоғамдық тамақтану объектілеріне қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптар» санитарлық қағидаларын басшылыққа ала отырып
БҰЙЫРАМЫН:

1.2025-2026 оқу жылында мектеп асханасы өз қызметінде санитарлық талаптарды сақтауын қадағалау және білім алушылардың мектеп асханасында тамақтануын жүйелі түрде ұйымдастыру мақсатында тамақтанудың сапасына мониторинг жүргізу жөніндегі (бракераждық) комиссия (әрі қарай- комиссия) құрылсын.

2.Комиссия төменгі құрамда бекітілсін:

Актева Бижамал Шакенқызы– мектеп директоры, комиссия төрағасы
Зейнелқабдыл Асқар-директордың оқу-тәрбие ісі жөніндегі орынбасары
Мустафанова Бақытгүл Муритовна – мектептің шаруашылық меңгерушісі
Ракишева Айгерім Аязқызы- қамқоршылық кеңес мүшесі ата-ана
А.Долда – ата-ана, қамқоршылық кеңес мүшесі
Мырзабек Ақмарал – мектептің медициналық қызметкері
Аскер Улжан – мектептің әлеуметтік педагогы

3.2025-2026 оқу жылына комиссияның жылдық жұмыс жоспары құрылып, бекітілсін.

4.Комиссия мүшелерінің атқарылатын функционалдық міндеттері бекітіліп, мүшелерге жеке таныстырылсын.

5.Комиссия тарапынан өнім тасымалдаушы мердігер ЖК «Зере» қызметі үздіксіз, қатаң бақылансын.

6.Тамақ өнімдерінің сапасына, тағамдарды дайындау технологиясына тоңазытқыш- технология жабдықтарының жарамдылығына азық-түлікпен дайын тағамдарды сақтау мерзімдері мен жағдайларының сақталуына комиссия тарапынан ай сайын мониторинг жүргізілсін.

7.Мониторинг нәтижесі бойынша акт рәсімделіп, тексеріс нәтижесі комиссия отырыстарында қаралып, талқылансын.

8.Комиссия жұмысының қорытындысы тоқсан сайын педагогикалық кеңесте қаралып, ақпараты білім беру ұйымының интернет-ресурсына орналастырылсын.

9. Педагог – психолог Өзкей Нурбакыт хатшы болып тағайындалсын.

10. Осы бұйрықтың орындалуын қадағалауды өзіме қалдырамын.

Мектеп директоры



Б.Актаева

Таныстырылды: Ұ.Аскер
Б. Мустафанова

А. Мырзабек
Н. Өзкей

А.Ракишева
А.Долда

А.Зейнелхабдыл